



ПРЕСС-РЕЛИЗ

14 қараша 2024 жылы

Астана қаласы

КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯДА НЕМЕСЕ ОСЫНДАЙ ТАРАТУ ЗАҢСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯДА ТҰРАТЫН НЕМЕСЕ БОЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ТҰЛҒАҒА ТАРАТУҒА АРНАЛМАҒАН.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ БАНКІ» АҚ ӨЗІНІҢ БАРЛЫҚ ӨТЕЛМЕГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН ЖЫЛДЫҚ 5,75% СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІМЕН ЖӘНЕ 2025 ЖЫЛЫ ӨТЕУ МЕРЗІМІМЕН АҚШ ДОЛЛАРЫМЕН САТЫП АЛЫНАТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР ҮШІН СЫЙАҚЫ ТӨЛЕЙ ОТЫРЫП САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТЫҢ СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАЙДЫ.

14 қараша 2024 ж. – 15 қазан 2024 ж. "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ ("Оферент"), Қазақстан Республикасында құрылған акционерлік қоғам, 2024 жылғы 15 қазандағы сатып алу ұсынысында көрсетілген шарттарда ("Сатып алу ұсынысы") әрбір Ұстаушыға (Сатып алу ұсынысында анықталғандай) ақшалай сыйақы төлей отырып, Оферент шығарған ("Тендерлік ұсыныс") жылдық 5,75% сыйақы мөлшерлемесімен және 2025 жылы өтеу мерзімімен барлық облигацияларды ("Облигациялар") сатып алу туралы ұсыныстың басталғаны жайында хабарлайды. Осы құжатта қолданылатын, бірақ анықталмаған бас әріппен жазылған терминдердің Сатып алу туралы ұсыныста көрсетілген мағыналары болады.

Оферент орта мерзімді облигациялар бағдарламасы шеңберінде шығарылған, АҚШ долларымен деноминалданған жаңа еурооблигациялар ұсынысымен бірге Тендерлік ұсыныс жасады. («АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар») («АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар ұсынысы»). АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар ұсынысы 2024 жылдың 23 қазанында жабылды. АҚШ долларындағы Жаңа облигациялар ұсынысынан түскен қаражаттар, басқалармен қатар, Тендерлік ұсынысты қаржыландыруға жұмсалды.

Ерте қатысу нәтижелері

2024 жылдың 28 қазанындағы Нью-Йорк уақыты бойынша сағат 17:00-дегі жағдай бойынша («Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі») 10 600 000 АҚШ долларына тең негізгі қарыздың жиынтық сомасына АҚШ долларындағы облигациялары белгіленген тәртіпте сатып алуға ұсынылды және қайтарып алынбады.

2024 жылғы 30 қазанда («Ерте есеп айырысу күні») Оферент белгіленген тәртіппен саудаға шығарылған және Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған сәтте қайтарып алынбаған барлық Облигацияларды өтеуге қабылдады.

Соңғы нәтижелер

Тендерлік ұсыныстың мерзімі 2024 жылдың 13 қарашасында Нью-Йорк уақыты бойынша 17:00-де аяқталды ("Ұсыныс мерзімі"). Ұсыныс мерзімі аяқталған сәтте Ерте өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін өтеу үшін ешбір қосымша Облигациялар ұсынылмаған және Оферент өтеу үшін қосымша Облигацияларды

қабылдаған жоқ. Сәйкесінше, Ұсыныс мерзімі аяқталған сәтте 325 146 000 АҚШ долларына тең негізгі қарыздың жиынтық сомасында өтелмеген Облигациялар қалды.

* * *

Оферент Citigroup Global Markets Limited, ICBC Standard Bank plc., J.P. Morgan Securities plc, "Jusan Invest" АҚ, және Société Générale Тендерлік ұсыныс бойынша дилер менеджерлер ретінде және Morrow Sodali Limited (Sodali & Co сауда маркасы) Тендерлік ұсыныс бойынша Ақпараттық және тендерлік агент ретінде тартқан.

Бұл хабарламаны тарату кейбір юрисдикцияларда заңмен шектелуі мүмкін, сондықтан ол шығарылған, жарияланған немесе таратылған юрисдикцияларда орналасқан тұлғалар мұндай шектеулерді білуі және сақтауы керек. Бұл шектеулерді сақтамау кез келген юрисдикцияның заңдарын бұзу болып табылуы мүмкін.

Жауапкершіліктен бас тарту

Бұл хабарландыру тек ақпараттық мақсаттарға арналған. Тендерлік ұсыныс тек Сатып алу ұсынысына сәйкес және тек қолданыстағы заңнама рұқсат еткен юрисдикцияларда жасалған. Осы хабарландыру да, Сатып алу ұсынысы да, сондай-ақ Тендерлік ұсынысқа қатысты кез келген басқа құжаттар немесе материалдар да мұндай ұсыныс немесе шақыру заңсыз болған кез келген юрисдикцияда орналасқан немесе тұратын кез келген тұлғаға Облигацияларды сатып алу немесе тендерге қатысуға шақыру немесе сату ұсынысы болып табылмайды.



Данный документ подписал:
главный менеджер
Асель Исабекова
14.11.2024 г. 17:07

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 закона Республики Казахстан от 07 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.